«Бекітемін»
Мектеп директоры Қ. Жұмабекова

Мектеп кітапханасының
2026-2027оқу жылы кітапхананың жылдық жұмыс жоспары

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Жұмыс мазмұны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	***«Оқитын мектеп:кітап оқу мәдениеті арқылы ойлайтын ұрпақ қалыптастыру»***	Білім беру,тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде оқумәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай- ақ шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау. Қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайтуға үлес қосу. Мектеп оқушыларының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақ және әлем әдебиетінің таңдаулы шығармаларын жүйелі оқыту арқылы оқу сауаттылығын, көркем ойлау қабілетін және рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту. Оқушыларды кітапхана ресурстарын тиімді пайдалануға, өздігінен кітап таңдауға және оқыған шығармасы бойынша өз ойын еркін жеткізуге үйрету арқылы оқуға құштар, ой-өрісі кең, функционалдық сауаттылығы қалыптасқан, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға қалыптастыру. Мектеп кітапханалары қызметінің мазмұнын жаңату арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру және оқу құзіреттілігін дамыту.	Мектеп әкімшілігі	01.08-29.08.2026ж
2	***Міндеттері***	Балалар мен жастар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту және кітап оқудың орнықты дағдыларын қалыптастыру. Нақты шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз ету; Пән сабақтарына көркем әдебиетті кіріктіру арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын және функционалдық білімін дамыту; PISAхалықаралық зерттеуі талаптарына сәйкес сыни ойлау,талдау және мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттау. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және инновациялық тәжірибелерді енгізу. Оқуды оқушының зияткерлік,рухани-адамгершілік және шығармашылық дамуының тұрақты құралы ретінде насихаттау. Жасына,қызығушылығына және оқу деңгейіне сай сапалы әдебиетке	Мектеп әкімшілігі	

		қолжетімділікті қамтамасыз ету. Мағыналы оқу,мәтінді талдау,пікір айту,дәлелдеу,медиа және ақпараттық сауаттылық дағдыларын дамыту. Кітап қорын зерделеу, толықтыру, сақтау, есепке алу және электрондық каталогтау жұмысын жетілдіру. Ата-аналардыотбасылық оқу қозғалысына және мектептегі оқырман қауымдастығына тарту. Оқырман сұранысын, кітапханаға келуін,кітапберілуін және іс-шаралардың тиімділігін тұрақты бақылау. Кітапханашының кәсіби құзыретін арттыру және тиімді тәжірибені тарату.		
3	***1. «Балалар кітапханасы»***	1.Оқушыларды кітапхана ағатарту,кітап қорымен таныстыру және жас ерекшелігіне сәйкес әдебиеттерді таңдауға бағыттау; Білім алушылардың,ата-аналардың және педагогтардың оқу қозғалысына қатысуы арқылы біріңғай оқырмандық қауымдастықты қалыптастыру; 2.Барлық мектептердің кітапхана қызметін цифрландыру; 3.Ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкесес кірген әдебиеттерді жаңасына кезең-кезеңімен ауыстыру арқылы көркем әдебиеттің мектеп кітапханалық қорларын жаңарту; Білім беру жүйесі ұйымдарының мәдениет мекемелері мен әлеуметтік әріптестігі шеңберінде іс-шаралар өткізу; 4.Жазушылармен,ақындармен,суретшілермен,атақты жерлестермен шығармашылық кездесулер; 5.Еріктілерді тарта отырып,«Бір-бірімізге оқимыз»акциясы; Интернет технологиялары арқылы және мектеп сайттарында оқуды насихаттау;	сынып жетекшілер	

4	Кітап оқу құзыреттілігін арттыру	«Bookcrossing» өзара кітап алмасу, «Кітапханаға кітап сыйла», «Интернет орнына кітап» акцияларын ұйымдастыру, «Үзілісте кітап оқу» 20 минут, 5 минут дауыстап оқу	сынып жетекшілер	08.10.2026ж
5	Оқырмандарды кітапханаға тарту	«Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында 1 сынып білім алушыларына «Кітап рухани қазына» атты кітапханаға саяхат ұйымдастыру.	сынып жетекшілер	18.11.2026ж
7	***12 айға 12 кітап***	3-4 сыныптар Ы. Алтынсариннің әңгімелері	Сынып жетекшілер	18.02.2027ж
8	***12 айға 12 кітап көпшілік шара***	1-4 сыныптар Т.Жексенбай **«Бүркіттің балапаны»,**	Сынып жетекшілер	22.04.2027ж
9	***Кітап оқу құзыреттілігін арттыру. 12 айға 12 кітап***	1-4 сыныптар Ш. Перро «**Етік киген мысық»** , ертегілер, Ә. Табылдиев «**Жақсыдан үйрен» ,Г. Х. Андерсен ертегілері**	Сынып жетекшілер	01.06.2027ж-31.08.2027ж

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Балалар кітапханасы, А.Құнанбаевтың шығармаларынан оқу,жатқа айту»

Мерзімі: 15.10.2026

Өткізілген орны:Мектеп кітапханасы

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды Абай Құнанбайұлының бай әдеби мұрасымен таныстыру, өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру, мәнерлеп оқу және жатқа айту дағдыларын дамыту, көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру.

Жүргізілген жұмыстар:

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармаларын насихаттау, жас ұрпақтың бойына адамгершілік, білімге құштарлық және ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында «Балалар кітапханасы: А. Құнанбаевтың шығармаларынан оқу, жатқа айту» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушыларға Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беріліп, ақынның өлеңдері мен қара сөздерінің мазмұны таныстырылды. Оқушылар ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Қыс», «Жазғытұры», «Желсіз түнде жарық ай» сияқты шығармаларын мәнерлеп оқып, бірқатар өлеңдерін жатқа айтты. Сонымен қатар Абайдың қара сөздеріндегі білім, еңбек, тәрбие, адамгершілік туралы ойлары талқыланды.

Іс-шара барысында оқушылар өздерінің оқу шеберліктерін көрсетіп, өлеңдердің мазмұнын түсіндіруге және ақынның өнегелі ойларын өмірмен байланыстыруға мүмкіндік алды. Кітапхана қорындағы Абай шығармалары таныстырылып, оқушыларға ақынның еңбектерін жүйелі түрде оқуға ұсыныстар берілді.

Аталған іс-шара оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыруға, әдеби шығармаларды түсініп оқуға, көркем сөзді қадірлеуге және ұлттық әдеби мұраға деген құрметін қалыптастыруға ықпал етті.

Қорытынды: Абай Құнанбайұлының шығармаларын оқу және жатқа айту арқылы оқушылардың мәнерлеп оқу дағдылары жетіліп, сөздік қоры молайды, ой-өрісі кеңейді. Ақынның білім мен ғылымды, еңбек пен адамгершілікті дәріптейтін өсиеттері оқушыларға рухани тәрбие берудің маңызды құралы болды.

Бірлестік жетекшісі Т.Сағатәліқызы

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Кітап оқу мәдениеті арқылы ойлайтын ұрпақ қалыптастыру

Мерзімі: 10.09.2026

Өткізілген орны:Мектеп кітапханасы

Мектепте білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту және сыни тұрғыдан ойлай алатын, шығармашыл, рухани бай ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Оқитын мектеп: кітап оқу мәдениеті арқылы ойлайтын ұрпақ қалыптастыру» тақырыбында жұмыстар жүргізілуде.**Жобаның негізгі мақсаты** – оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту, тұрақты оқу дағдысын қалыптастыру, оқыған шығармаларын талдау арқылы олардың ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту және өз ойын еркін жеткізе білу қабілетін жетілдіру.Осы мақсатта мектепте кітап оқуға бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, кітап көрмелері, әдеби кештер, кітап оқу сағаттары, мәнерлеп оқу байқаулары, оқырмандар конференциялары, әдеби викториналар мен пікірталастар өткізіледі. Сонымен қатар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем әдебиеттер мен танымдық кітаптарды оқуға бағыт-бағдар беріледі.Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда мектеп кітапханасының жұмысы маңызды рөл атқарады. Кітапханашы мен пән мұғалімдері бірлесе отырып, оқушыларға қажетті әдебиеттерді ұсынады, оқылған шығармалардың мазмұнын талқылауға және кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беруге ықпал етеді. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар арқылы отбасылық кітап оқу дәстүрін қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлінеді.

Кітап оқу – оқушының білімін тереңдетіп қана қоймай, оның дүниетанымын кеңейтетін, адамгершілік қасиеттерін дамытатын және логикалық ойлау қабілетін жетілдіретін маңызды құрал. Оқығанын түсініп, талдай білетін оқушының өз пікірін дәлелдеу, ақпаратты саралау және дұрыс шешім қабылдау дағдылары қалыптасады.Күтілетін нәтиже: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы артады, оқу сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттері дамиды, сөздік қоры молаяды, сыни ойлау және өз пікірін еркін жеткізу дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар мектепте кітап оқуды насихаттайтын қолайлы орта қалыптасып, оқырмандық мәдениет нығая түседі.

Қорытындылай келе, «Оқитын мектеп» жобасы – білімді, саналы, ізденімпаз әрі ойлайтын ұрпақ қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама. Кітап оқу мәдениетін дамыту арқылы оқушылардың зияткерлік әлеуетін арттырып, олардың рухани дамуына жол ашамыз.

Бірлестік жетекшісі Т.Сағатәліқызы